

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі: тарих тағылымы, уақыт талабы

Орталықтандырылған КСРО мемлекеті ыдырап, ұлттық қажеттілікке орай, демократиялық негізде тәуелсіз мемлекеттер құрылды. Бұл орнықан жаңа әлеуметтік-саяси ақуал қоғамның да, оның азаматтарының да санасына айтарлықтай сілкініс туғызды. Дүниеге, халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбекейлі өзгеріске ұшырады. Шын мәнінде тәуелсіз елдің тілі де тәуелсіз дамуы тиіс. Сондықтан тәуелсіздік алған көптеген елдер бұрынғы кіріптарлықтан, ұлттық кемсітушіліктен құтылу үшін өз ұлтының тіліне мемлекеттік мәртебе беріп, сол арқылы ұлттық сананы, өзіндік мемлекеттік сәйкестілігін (идентичность) қалыптастыруға ұмтылды. Дегенмен, бұл көпұлтты болып келетін республикаларда біреулер үшін қуаныш сезімін тудырса (республиканың титулдық ұлттары үшін), енді бірқатарына (орыс, орыстілділер үшін) салмақты қауіп-қатер әкелетіндей көрініп, тілдік өмірді шиеленіссіз қалдырмады. Бұл алдымен мемлекеттік тіл ретінде жарияланған байырғы халық тілдерінің (республиканың титулды ұлты) өз мәртебесіне лайық қызмет атқаруына айтарлықтай кедергілер жасады. Мұның себебі біріншіден, «мемлекеттік тіл» ұғымының дағдылы түрде қалыптаспағандығына байланысты болса, екіншіден оның өз мәнінде жүртшылыққа дұрыс ұғындырылмауынан, үшіншіден оны жариялаған Конституция, Тіл туралы зандардың халықаралық құжаттарға (БҰҰ, ЕҚЫҰТ.б.) сәйкестенбеуінен болып отыр.

Сондықтан еліміздегі мемлекеттік тіл категориясының мәнін дүниежүзілік тілдік процесс деңгейінде ала отырып анықтаған жөн. Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік жүйедегі орнын анықтап алу қажет. Бұл жөнінде алдымен кешегі КСРО-дағы және бүгінгі ТМД елдеріндегі тәжірибелерге шолу жасайық.

«Мемлекеттік тіл» ұғымы жарты ғасырдан астам уақыт бойында советтік республикалардың не конституцияларында, не заң ғылымдарында, не лингвистикалық әдебиеттерінде жете зерттелмегені былай тұрсын, өз мәнінде де қарастырылмады. Қарастырылған жағдайда өзінде ол бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда қарама-қайшы мағынада түсіндірліді.

Мемлекеттік тіл идеясының өзі кеңестік идеологияға жат, қанау, кіріптар ету немесе күштеп ассиимиляциялаудың басты айыпкері ретінде ұғындырылып, оны шет елдерге тән адамды адамның қанауы, бір ұлттың екінші ұлтқа билік жүргізу құралы деп түсіндірліді. Мысалы, Үлкен Советтік Энциклопедияда оған: «Государственный язык, эксплуаторских многонациональных государствах язык, признанный в законодательном порядке обязательном в данной стране, для ведения делопроизводство в учреждениях, преподавание в школах, державной нации устанавливает в принудительном порядке свой национальный язык, всячески стесняя и ограничивая языки других народов», – деп анықтама береді [1, 236].

Міне, осылайша біртінде мұндай анықтамалар «мемлекеттік тіл» терминін советтік өмір салтына сыйыспайтындағы етіп көрсетуі өрши түсті.

Бұл сөз жүзінде тілдер теңдігін мойындаған, ал іс жүзінде орыс тілінің ұstemдігін жүргізуге бағытталған кертартпа тіл саясатының бүркеншегі еді. Сондықтан мемлекеттік тіл проблемасын қозғауға батылы жетпеушілік немесе бұл ұғымның осындай түсініктемелеріне үнсіз бас изеушілік түрлі саладағы мамандардың (социолингвистердің, құқықтанушылардың, тарихшылардың, т.б.) еріксіз оның аса маңызды қызметтік мәнін назардан шығарып алды. Сол себептен де Совет үкіметі жылдарындағы заң құжаттарында «мемлекеттік тіл» термині кездеспейді.

Төңкерістен кейінгі бірінші бесжылдықта Одаққа қараған республикаларда мемлекеттік іс қағаздары заңды түде оларды мемлекеттік тіл деп арнағы жарияламай-ақ, орыс немесе республиканың байырғы халқының тілінде жүргізіліп отырды. Бұл кезеңдерде тілдердің еркін қолданылуы мен дамуына біршама жақсы жағдайлар жасалды. Мысалы, бұған Қазақстан көлемінде қабылданған мынадай заңды құжаттарды атауга болады:

1. 1919 жылғы 10 шілдесіндегі Бұкілресейлік Атқару комитеті (ВЦИК) мен Халық Комиссарлары Советінің (СНК) декреті негізінде қабылданған «Қырғыз (қазақ) Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы» (1920 жыл, 26 тамыз) декреті;

2. Қазақ ССР-і Советтерінің бірінші құрылтай съезі қабылданған ҚАЗ ССР еңбекшілері правасының декларациясы (1920 жыл, 6 қазан);

3. 1921 жылы, 2 ақпандағы Қазақ АССР Халық Комиссарлар Советі қабылданған «Қазақ, орыс тілдерін мемлекеттік мекемелерде қолдану жөніндегі» декреті;

4. 1923 жылы, 22 қарашада қабылданған «Қазақ тілінде іс жүргізу туралы» деп аталағын Қазақ ССР Орталық атқару Комитетінің декреті;

5. 1924 жылы 18 ақпандағы Қазақ АССР-нің Орталық Атқару Комитеті қабылданған Қазақстанның бірінші Конституциясы т.б.

Мұнан кейінгі жылдарда, яғни 1924 жылы КСРО-ның жаңа Конституциясы қабылданып, онда тілдердің мәртебелері айқындалды, бірақ мұнда «мемлекеттік тіл» емес, «одақтас республикаларда жалпы қолданылатын тіл» туралы айтылды, ал оның қандай мағына беретіндігі, қолданылу аясы түсіндірілмей, жұмбақ түрінде қалды.

Соңғы жарты ғасырлық уақыт (1938-1987) аралығында «мемлекеттік тіл» ұғымы республика жүртшылығының өмірінде көрініс бермейді. Бұл тіл тенденция мен ұлт тілдерін дамыту мәселесі сөз жүзінде сақталған, ал іс жүзінде саналы түрде тежеуге бағытталған саясаттың белен алған тұсы еді. Осы кезеңде не заң актілерінде, не ел Конституциясында заңды түрде мемлекеттік тіл ретінде жарияланбай-ақ орыс тілі КСРО аумағында барлық өмір салаларында жеке дара «ұлы» тіл болып шыға келді. Бұған белгілі дәрежеде түрткі болған 1938 жылдың 13 наурызындағы КСРО Халық Комиссарлар Советі мен БК (б) Орталық Комитетінің «Ұлттық республикалар мен облыстардағы мектептерде орыс тілін міндettі түрде оқыту» жөніндегі қаулы болды. Қаулының мәтінін көріп отырғанымыздай не жергілікті тілдерге қысымшылық көрсету жөнінде, не орыс тілінің нақтылы мәртебесі туралы

ештеме айтылмаған. Алайда, оның күнделікті өмірде, білім беру саласында өзге тілдердің қызметінің жарты ғасырға тежелуіне және онымен байланысты қалған өмір салаларында да құйзеліске түсіүне әкелді. Осының ізімен дәл осындай, яғни орыс тілін үйренуді міндеттеген арнаулы қаулылар 1948, 1961, 1978, 1983 жылдары қабылданып, іс жүзіне асырылды. Бұл ұлттық тілдердің өз сөйлеушілері үшін тастанды тілге айналуына, тіпті кейбіреулерінің мүлдем тіл ретінде жойылуына әкелді. Мысалы, Совет үкіметі орнаған кезде РСФСР-да тұратын халықтар 193 тілде сөйлесе, 1937 жылғы көрсеткіш – 90. Ал 1988 жылғы дерек бойынша КСРО-да оқу процесі небәрі 39 тілде жүргізіліпті. Сонда арадағы елу бір жылда 51 тіл жойылған екен.

Осындай қатты құйзеліске түскен тілдердің бірі – қазақ тілі. Қазақ тілі бұрынғы одақтағы өзге тілдер сияқты өзінің қызметін көптеген өмір салаларында қысқартты, өз сөйлеушілерінің екінші тіліне айналып, тұрмыстық-отбасылық қатынасқа дейін ысырылды. Оған тағы бір себеп: бір сөзben айтқанда, Совет үкіметі мен Компартия жүргізген зорлап үйимдастыру саясаты кезіндегі халықтың аштан қырылуы мен жөнжосықсыз өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанға жаппай қоныстандырылуы еді. Соның кесірінен қазақ тілі өз этникалық отанында көп ұлттылық жағдайға душар болды. Ұлтаралық қатынас құралы ретінде қазақтардың ықтиярынсыз икемделген орыс тілі өз өктемділігін жүргізді. Ақырында қазақ тілінің табиғи тілдік ортасы бұзылды. Қазақ жерінің солтүстігі мен орталығында, күллі қалаларында қазақтың азшылық болып қалуы желеу етіліп, ана тілі шет қақпай көрді. Мысалы, 1938-1985 жылдары аралығында қазақ мектептерінің саны 4391-ден 2400-ге дейін азайған, басқаша айтқанда елу жылға тола толmas уақытта 1901 мектеп жабылған екен [2, 181]. Бұл қазақ халқының тілдік мұддесі тіпті де ескерілмегенін көрсетеді.

Қазақ халқы есін жиып, 1986-1987 жылдардан бастап азаттық үшін құреске шықты, ол тілден басталды десе де болғандай. Орталықтан тегеурінді әкімшілдігіне төтеп беріп, ана тілін дамыту күн тәртібіне қойылды. Осыған орай қазақ халқы зиялышыларының талап етуі бойынша 1987 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің «Қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» қаулысы қабылданды.

Мұнан кейінгі жылдарда КСРО-ның ыдырауы мен бұрынғы одаққа қараған республикалардың тәуелсіздік алуымен сол республикалардың негізгі тілдері мен мемлекеттік тіл болып жарияланды. Кейбір республикаларда өз тілдерімен қоса орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде қабылдады. Мысалы, Қазақстанның 1989 жылғы Тіл заңында: «Қазақ ССР-інде орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып табылады», – деп көрсетілсе, сол заңынң екінші бабында: «Қазақ ССР-і орыс тілінің мемлекеттік тілімен бірдей еркін қолданылуын қамтамасыз етеді», – деп жазылды.

Бірақ қабылданған конституцияларда да, шыққан заңдарда да «мемлекеттік тіл» ұғымының түсініктемесі берілмеді. Айтальық сол тұстағы, яғни 1989 жылы өз тілдері мен орыс тілін қатар мемлекеттік тілдер ретінде

жариялаған Прибалтика республикаларының, Тәжікстан, Украина, Белорусия, Қырғыз, Өзбек, Қазақ республикаларының тіл туралы заңдарынан мемлекеттік тілдің анықтамасын табу қыын. Дегенмен, олардың әрқайсынан көмескі түрде болса да мемлекеттік тілдің қолданылатын кейбір өмір салаларының тізімін аңғаруға болады. Мысалы, Молдавия Конституциясының 70-бабына сәйкес қабылданған тіл заңында Молдавияда мемлекеттік тіл – молдаван тілі деп жазылғаннан кейін, оның түсініктемесі ретінде мынадай сипаттама берілген: «Государственный язык действует политической, экономической, социальной и культурной жизни и функционирует на основе латинской графики», – делінген. Ал Өзбекстанда өзбек тілін мемлекеттік тіл ретінде жариялаған заң бабында мемлекеттік тілдің өмір сүруі мен дамуындағы республиканың міндетін айырықша атап көрсетеді. Ол заң бабында Өзбек ССР-і өзбек тілінің республикадағы саяси, әлеуметтік, экономика және мәдени өмірде дамуы мен қызмет етуін қамтамасыз етеді деп жазылған. Мемлекеттік тіл туралы бұлардан сәл бөлектеу түсінікті Қырғыз заңы береді. Олардың тіл туралы заңында мынадай тұжырым жасалады: «В качестве государственного языка киргизский язык является одним из символов государственного суверенитета Киргизской ССР и функционирует во всех сферах государственной и общественной деятельности, в области экономики, науки и техники, народного образования и культуры, общения граждан республики». Ал қалған республикалардың заңдары осыларды қайталайды, енді біреулерінде мұндай сипаттамалар да кездеспейді.

1989 жылдың басында «КСРО халықтары тілдері туралы» заңынң мәтінін даярлау мен талқылау басталды. Талқылау түрлі заң аспектілері бойынша, оның ішінде көпшілік бөлігінің ана тілі болып табылатын орыс тілінің заңдылық мәртебесі төңірегінде жүрді. Заң басынан бастап оның жасаушылардың ойлауымен және солардың көзқарастарына сәйкес сол уақыттағы іске асырылып отырған тіл саясатының органикалық компоненті ретінде қарастырылды, оны тіпті аз мөлшерде де өзгертуеуді көздеді. Осы мақсатпен 1990 жылы 24 сәуірде қабылданған «КСРО халықтарының тілдері туралы» заңынң 4-бабында орыс тілі КСРО аумағында ресми тіл болып жарияланды. Бұл заңда да «мемлекеттік тіл» ұғымына ерекше мән бере қойған жоқ. Керісінше, ол «мемлекеттік тіл» терминіне тағы бір ұғымды – «ресми тіл» терминін ендіріп, шатастырушылық туғызды. Мұнда «ресми тіл» терминін «мемлекеттік тіл» терминінен бөлектеп көрсетіп, былай деп түсіндірді: «... очерчивает определенную сферу его применение как средства официальных отношений, процесса государственной деятельности и международного общения» [3, 19].

Орыс тілінің осы ресми тіл болу мәртебесі кейінгі кезеңдерде де егемен мемлекеттердің заң құжаттарында әлі қолданыстан қалмай келеді. Бұл қазіргі таңда өз тілін мемлекеттік тіл ретінде жариялаған республикаларда көпшілік жағдайда «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» дегендердің бір мағынаны білдіретіндігі ескерілмейді, ара жігінің алшактанып, бір-біріне қарсы қойылуына себепші болып отыр. Мысалы, Қазақстан Республикасының

соңғы Конституциясының 7-бабында [4], Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңының 4-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі», - деп айқын да анық жазылған [5]. Ал орыс тілі жөнінде: «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады (5-бап)», – делінген Осыған қарап, оны ресми тіл деп танысақ, бұл жөнсіз, әрі керегарлық болады.

Шындығында, қазақ тілінің мемлекеттік тіл екендігіне дау жоқ. Ал орыс тілінің Қазақстанда ресми тіл болуы екіталай. Өйткені Конституцияда, Тіл турлы заңда да қазақ тілінің мәртебесі сияқты орыс тілінің өзіндік мәртебесі көрсетілмеген (оның тек қолданылу аясы ғана анықталған). Демек, Қазақстанның ресми тілі – орыс тілі деп көрсетілмеген соң оны ресми тіл деп тану қалай болғанда да заңсыз әрекет.

Жалпы әлемдегі тілдік процеске назар аударсақ, онда «мемлекеттік тіл» және «ресми тіл» дегендер өзара синоним сөздер ретінде ұғындырылады. Эрине, «ресми тіл» терминінің «мемлекеттік тіл» терминіне бөлектеніп қолданылатын сэттері де кездеседі. Мұндайда ол бір мемлекеттен тыскары елдер, мемлекеттер арасындағы келісілген тіл қызметінде қолданылуы мүмкін. Мәселен, Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмыс тілі деген сияқты т.б. Бұл екі терминнің бір мемлекет аумағындағы қолдануына келсек, әлемдегі көптеген елдерде әлеуметтік маңызы зор салаларда қолдануы үшін заңдастырылған негізгі тілді көбінесе «ресми тіл» деген атаумен беру қалыптасқан. Мысалы, Энциклопедиялық заң сөздігінде оған мынадай анықтама беріледі: «Государственный язык. См. Официальный язык» (Қараныз: 87-б.). Официальный язык – основной язык государства, используемой в законодательстве и официальном делопроизводстве, судопроизводстве, обучение и т.д [6, 303].

Ал біздің елімізде қазақ тілінің Конституциядағы мемлекеттік мәртебесіне байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігінде мынадай анықтама берілген: «Мемлекеттік тіл – тұрғылықты халықтың және Қазақстан Республикасы азаматтарының басым көшілігінің тілі» [7, 67]. Дегенмен, мемлекеттік тілді мемлекеттің негізі ресми тілі, тұрғылықты халықтың және басым көшіліктің тілі деп анықтау жеткіліксіз. Өйткені мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болған тілдің сол елдің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінде өзіндік орны мен рөлі болу қажет. Сондықтан оған белгілі ғылым Б. Хасанұлы: «Государственный язык – основной компонент социально–коммуникативный системы определенного государства, выделенный в официальное положение в ранг государственного являющийся обязательном к использованию всем населением на всей территории страны в различных сферах жизни», – деп анықтама беріп толықтырады [8, 36].

Олай болса Қазақстан үкіметі мен Парламенті тәуелсіздік жағдайына екінші бір тілдің (орыс тілінің) мемлекеттік тіл қызметінде қолданылуын егемендік иесі Қазақстан халқының бірлігін бұзуға әрекет деп бағалап, Тіл туралы заңды, оны жүзеге асыру шараларын халықаралық нормаларға сәйкестендіруі қажет.

Осы жөнінде, яғни еліміздегі орыс тілінің қолданылу аясы туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық Кенесі, төраға И.И. Рогов, Кенес мүшелері Х.Ә. Эбішов, К.Ж. Балтабаев, Н.В. Белоруков, С.Ф. Бычкова, А.М. Нұрмайғанбетов, Ү.М. Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың:

- өтініш субъектісінің өкілдері – Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары М. Шахановтың, Е. Әбілқасымовтың, А. Айтальының,

- Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің өкілі – Қазақстан Республикасының әділет вице-министрі С.П. Нұғымановтың,

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Тіл комитетінің төрағасы Е.З. Қажыбектің,

- Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының өкілі – Қазақстан Республикасы Бас прокуроры аппаратының басшысы Р.Қ. Сарпековтың қатысуымен өзінің ашық отырысында өтініш субъектілерінің өкілдері «Қазақстан Республикасының Конституциялық Кенесі туралы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 21-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес мынадай мәселені түсіндіріп беруді сұрай отырып, өздерінің ауызша түрдегі өтінішін мәлімдеді: «*мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады*» деген Конституциялық норманы (Конституцияның 7-бабының 2-тармагы) орыс тілі екінші мемлекеттік тіл болып табылады деп түсінген жөн бе?

Өтініште қойылған сұраптардың мән-жайына қарай Конституциялық Кенес мыналарды қосымша түсіндіру қажет деп санайды:

2. *Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады деген конституциялық норма орыс тіліне екінші мемлекеттік тіл мәртебесі берілетінін білдірмейді.*

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде Конституциялық жолмен баянды етілуінен келіп шығатыны, қазақ тілі Қазақстан мемлекеттілігін айқындастырын факторлардың бірі болып табылады, оның егемендігін рәміздердің және Қазақстан халқының бірлігін білдіретін республиканың конституциялық-құқықтық мәртебесінің элементі болып табылады.

Мемлекеттік тілдің жоғары саяси-құқықтық мәртебесі оның жария-құқық саласында қызмет етуінің айрықшылығы не басымдылығы Конституцияда баянды етіліп, заңдарда белгіленуі мүмкін екендігімен расталады. Республика Президенті мен Парламенті Палаталары төрағаларының мемлекеттік тілді міндетті түрде еркін меңгеруі; мемлекеттік рәміздерде тек қана қазақ тілінің пайдалануы; мемлекеттік органдардың мөрлери мен мөртаңбаларындағы атаулардың, мемлекеттің егемендігін айқындастырын мемлекеттік белгілердің (шекара базандарында, кеден атрибуттарында және т.б.) қазақ тілінде жазылуы; мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құқықтық актілері мен өзге де ресми құжаттарының мәтідерін қағазда жіне өзге де тасымалдауда орналастырғанда, мемлекеттік ұйымдар мен

жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми тұлғалары көпшілік алдында сөз сөйлегенде; мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының ресми бланкілері мен басылымдарында; ұлттық валютада және өзге де мемлекеттік бағалы қағаздарда; республика азаматының жеке басын қуәландыратын құжаттарда, мемлекет атынан берілетін өзге де құжаттарда, сондай-ақ мемлекеттік ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметімен байланысты өзге де салаларда қазақ тіліне басымдылық берілуі. Бұл жазылғандар, Негізгі Заң қазақ тіліне жария-құқықтық маңыз бере отырып, оның мәртебесінің үстемдігін көздейтіндігін айғақтайды (Конституцияның 7-бабының 1-тармағы) [9, 5-6].

Мемлекеттік тіл – мемлекетпен байланысты туындаған саяси әрі әлеуметтік лингвистикалық категория. Қандайда бір тілдің мемлекеттік тіл ретінде танылуы, дамуы қоғамның, мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық құрылымына, саяси күштерінің мұдделерінде, олардың ұстанған ішкі, сыртқы саясаттарына, халықтың әлеуметтік лингвистикалық бағыт-бағдарына байланысты болады. Демек, *мемлекеттік тіл дегеніміз – елдің барлық аумағында және түрлі өмір салаларында қолданылуы баршаға міндетті болып табылатын, ресми жағдайы мемлекеттік дәрежеде белгіленген, белгілі бір мемлекеттің әлеуметтік-коммуникативтік жүйесінің негізгі компоненті.*

**Аман Мәделханұлы АБАСИЛОВ, ф.ғ.к., Қорқыт ата атындағы
Қызылорда мемлекеттік университетінің қауымдастырған профессоры**

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Большая Советская Энциклопедия. – Москва: Большая сов. Энциклопедия, 1953. Т.18.
2. Хасанұлы Б. Ана тілі – ата мұра. Алматы, 1992.
3. Союз. 1990.N 19.
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Қазақстан, 1995. - 96 бет.
5. Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы Қазақстан Республикасының заңы //Егемен Қазақстан. 1997. 15 шілде.
6. Юридический энциклопедический словарь. – Москва, 1987.
7. Қазақстан Республикасы Конституциясының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Жеті жарғы, 1996.
8. Хасанов Б.Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. Автореф. Дисс. Док. – Алматы, 1992.
9. «Қазақстан Республикасы Президентіне қол қоюға ұсынылған, 1997 жылғы 12 наурызда Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған Қазақстан

Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» заңының Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестігі жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің өтінуі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №10/2 қаулысына түсіндірме беру туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 23 ақпандағы №3 қосымша қаулысы.